

## ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТӘСІЛІ

Даулетова Г.О.

### АҢДАТПА

Мақалада сананың әлеуметтік-философиялық көзқарасының ерекшеліктері талданады. Ұлттық сана әлеуметтік, философиялық, діни және ұлттың рухани дамуының белгілі бір деңгейін сипаттайтын күрделі жиынтық ретінде қарастырылады. Ұлттық сананың қалыптасу ерекшелігі және оның үйлесімді дамуы мен қарама-қайшылықтарының негіздері нақтыланды. Сонымен қатар, мәдени мұра ұғымы ұлттың санасын қалыптастыратын және оған тән онтологиялық, гносеологиялық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық құндылықтарды сақтаушы ретінде өзектендіріледі. Қазіргі ғылымда сана теориясының үш концепциясын салыстыру үрдіске айналды. Нейробиологтар аса маңызды деп қабылдайтын бұл үш концепция, сана – бұл мидың биологиялық күйі, жұмыс кеңістігінің жаһандық перспективасы және жоғары деңгейлі тәртіптегі терминдер жиынтығы ретінде қарастырылады. Дегенмен әр ғылым саласы сана ұғымын көбіне жеке адам деңгейімен қарастырғанымен, түптеп келгенде қоғамдық сана мәселесіне көбірек алаңдаушылық танытады. Сондықтан да, кез келген қоғам өзіндік санасын қалыптастырып, оның басты бағыттарын анықтап жататыны уақыт өткен сайын ғылым мойындаған заңдылыққа айналды.

**Түйін сөздер:** сана, ұлттық сана, ұлттық мәдениет, ұлттық тіл, ұлттық тарих, ұлттық бірегейлік.

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Г. Даулетова, gulzerd@mail.ru

*Мақаланың сілтемесі:*  
Даулетова Г.О. Ұлттық сананы зерттеудің әлеуметтік-философиялық тәсілі // Адам әлемі. – 2022. – № 1 (91). – Б. 37-48.

### Социально-философский подход к исследованию национального сознания

**Аннотация.** В данной статье анализируются особенности социально-философского подхода к сознанию. Национальное сознание рассматривается как сложная совокупность социальных, философских, религиозных и характеризующих определенный уровень духовного развития нации. Уточнены особенности формирования национального самосознания и основы его гармоничного развития и противоречий. Кроме этого, понятие культурное наследие актуализируется как формирующий сознание нации и сохраняющий онтологические, гносеологические, социальные, этические, эстетические ценности.

Сравнение трех концепций теории сознания стало тенденцией современной науки. Эти три концепции, которые нейробиологи считают наиболее важными, рассматриваются как набор терминов - сознание - биологическое состояние мозга, глобальная перспектива рабочего пространства и высшего порядка. Однако, хотя каждая отрасль науки часто рассматривает концепцию сознания на уровне индивида, в конечном итоге ее больше интересует проблема общественного сознания. Поэтому со временем любое общество формирует собственное сознание и определяет свои основные направления, и это стало признанным фактом науки.

**Ключевые слова:** сознание, национальное сознание, национальная культура, национальный язык, национальная история, национальная идентичность.

## Socio-Philosophical Approach to the Study of National Consciousness

**Abstract.** This article analyzes the features of the socio-philosophical approach of consciousness. National consciousness is considered as a complex set of social, philosophical, religious and characterizing a certain level of spiritual development of the nation. The peculiarities of the formation of national identity and the basis of its harmonious development and contradictions are clarified. In addition, the concept of cultural heritage is actualized as forming the consciousness of the nation and preserving ontological, gnosiological, social, ethical, aesthetic values.

Comparison of the three concepts of the theory of consciousness has become a trend in modern science. These three concepts, which neuroscientists consider to be the most important, are viewed as a set of terms - consciousness - biological state of the brain, global perspective of the workspace and higher order. However, although each branch of science often considers the concept of consciousness at the level of the individual, in the end it is more interested in the problem of social consciousness. Therefore, over time, any society forms its own consciousness and determines its main directions, has become a recognized fact of science.

**Key words:** Consciousness, National Consciousness, National Culture, National Language, National History, National Identity.

### *Кіріспе*

Тәуелсіз еліміздің қоғамдық өмірінде демократиялық және жаңару процестері орын алған тұста әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріміз көрініс тапқан ұлттық санамыз бен болмысымызды анықтайтын қордаланған мәселелерді ғылыми-философиялық талдау қажеттілігі өзекті. Қазақ халқы талай тарихи кезеңдерді бастан кешіргені күн өткен сайын отандық гуманитарлық ғалымдар тарапынан дәйектелу үстінде. Өткен тарихтың келбетін зерделеу – жалпыұлттық санамыздың, мемлекеттік тұтастанудың, егемендікті нығайтудың, азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың ең басты негіздері. Әйткенмен, ұлттық сананың қалыптасу жолдары алуантүрлі, жан-жақты түсіндіруді талап ететін ерекше құбылыс. Мұны тек ұлттық сананы тарихи, мәдени, әлеуметтік аспектілерде талқылау арқылы жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, ұлттық сананы географиялық, ұлттық, мемлекеттік аспектіде қарастыру зерттеудің перспективаларын айқындай түседі.

Ұлттық сана мәселесін әлеуметтік-философиялық талдау жалпы философияның ажырамас тармағы. Сана – объективті шындықтың тек адамда көрініс табатын формасы, оның дүние мен өзіне, қоғамдық-тарихи қызметтің

жалпы формаларына қатынасының тәсілі [1]. Сананың табиғаты мен мәні туралы проблема ғасырлар бойы ғылыми қауымдастықта талқыланып келеді. Талқылау мен оның ғылыми нәтижелері көпқырлы сипатты мазмұндайды. Сана мәселесі ақыл туралы қазіргі заманғы теориялардың орталық мәселесі болуы әбден мүмкін. Сананың қандай да бір келісімді теорияларының жоқ болуына қарамастан ақылды адекватты ұғыну үшін оның табиғатта алатын орнын анық түсінуді талап ететін әмбебап болмаса да, кең таралған консенсус бар екені рас. Біз, сана дегеніміз не және ол шынайылықтың өзге де зердесіз аспектілерімен қалай өзара қатынаста болатынын түсінуіміз қажет [2]. Сана ұғымын қарастыру барысында сананы зерттеу нәтижесінен пайда болған ғылыми және философиялық мәселелердің кең шоғырына, сонымен қатар сана ұғымына қатысты мәселенің философиялық, когнитивті, нейробиологиялық және феноменологиялық шешімдеріне қол жеткізіміз [3]. Сана теориялары сананы зерттеу тәсілдерінің кең шоғырын ғылыми айналымға енгізу үшін қызмет етеді. Сонымен қатар, санаға егжей-тегжейлі сынау арқылы пікірталасқа қол жеткізу де тән құбылыс [4].

Сана мәселесін гуманитарлық ғылымдарда терең зерттеген Фрейдтің пікі-

рінше, психика үш қабаттың қосындысы:

1. «Мен» адамның санасы, психиканың барлық құрамындағы бөліктерінің арасындағы келістіруші.

2. «Ол» – бейсаналық әлемі, онда адамның жасырын ойы, арманы, тілегі бар.

3. «Шектен тыс – Мен» – жеке адамдарға қысым жасап, әсер ететін сыртқы орта, «сыртқы цензура»: заңдар, тыйым салу талаптары, мораль, мәдениет дәстүрлері. «Мен» өзіне «Оны» бағындыруға тырысады. Бірақ бұл жерде нәтижеге сирек қол жетеді. Әдетте «Ол» жасырын немесе ашық түрде «Менді» бағындырады. Фрейд мұны былай суреттейді: ат және оның үстіндегі адам, Адам «Мен» – атты бақылайды, әмір береді, ал ат (Ол) болса адамнан басым, себебі оны алып бара жатыр. Кейде адам бақылауды жоғалтып алғанда, ат оны ала жөнелді, қайда алып кететіні белгісіз [5,72 б.].

### ***Зерттеу әдіснамасы***

Сананы жалпылама ғылымның пәні ретінде зерттеу процесі оны пәнаралық негізде зерттеу керектігін көрсетеді. Осыған ұқсас принципті ресейлік ғалым А.И. Яковлев, сананы зерттеудің полиғылыми парадигмасын ұсынады [6, 275 б.]. Ал қазіргі кезде сана проблемасын зерттеу ісіне философтардан бөлек психологтар, когнитивті ғылымдар мен нейроғылымдар өкілдері де кіріскен [7, 6 б.]. «Сана» ұғымын адамзатты қалған тірі табиғат формаларынан ажырататын күштердің жиынтығы ретінде қарастыру ғылыми айналымда кең таралған. Өздігінен қозғалу, қабылдау және сезу, тәбетке қатысты қабілеттер өзге тірі жан иелеріне тән болса, адамзатты табиғаттың өзге тіршілік иелерінен ажырататын және ақыл-ойды сипаттайтын нәрсе – бұл интеллект күштері – ақыл мен парасатты ерік [8]. Ұлттық сана ұғымының төңірегінде туындаған мәселелердің де негізгі қазығы осы ақыл мен парасатты ерік интеллект

күштерінен бастау алады.

Трансперсоналды және кванттық психологиялық ғылыми зерттеулер бірнеше онжылдықтар бұрын сананың ашылмаған кеңістігінің құпияларының сырын жария етті. Ғылыми зерттеулер нәтижелері, сыртқы әлемнің материалды формаларына қарағанда ғалам шексіз бай және күрделі екенін анықтады. Бұл тұрғыда адамның логикалық концептуалды ақылы ең кемел дүниеге жатпайды. Осы күнге дейін адамзат пайымдап келген рационалды сана болмыс кеңістігіндегі өзге де тіршілік етуге толыққанды құқығы бар саналардың бір түрі екені тұжырымдалды. Сондықтан да ғаламдызерттеу ісінде рационалдықтан өзге сана формаларын қолданбайынша оның сыры мен құпиясы ашылмайды. Сананың өзге формалары кәдімгі сананың жалғасы емес. Сананың өзге формалары қабылдаудың кеңістігін кеңейтеді, алайда дайын түсініктемелерді бермейді. Кеңауқымды әлеуетке ие сананың мұндай түрлері шығыстық ілімдерде сипатталған. Бұл ілімдер осы уақытқа дейін академиялық қауымдастық тарапынан мойындалмады, ғылым талаптарына жауап бермейді деген түсініктің шеңберінде қалып қойылды. Аталған саналардың кейбірі маңыздылығы жағынан психология мен психиатрияның аясынан шығып кетеді және батыстық ғылымның іргесіне айналған ньютондық-декарттық парадигмасына қарсы шығады. Олар адамзат табиғатын, мәдениетін, тарихын, оның дүниені тану қабілеттерін түбегейлі түрде өзгертуі мүмкін [9, 50-616б.].

Адамның сезімі, ойлауы мен пайымдауы пайда болғаннан бастап өзін-өзі тану процесі басталады, ал сана деп аталатын бұл күрделі операциялар адамның ақылымен, зерттеулерге сәйкес, адамның миымен тығыз байланысты [10]. Ал, ұжымдық сана ұжымдық іс-әрекеттің негізі болып табылады. Джулиан Джейнстің пікірінше, адамзат санасы біз ойлағандай ертеректе, яғни жа-

нуарлар эволюциясында пайда болған жоқ, бар болғаны үш мың жыл бұрын көрініс тауып, әлі күнге дейін дамуын үздіксіз жалғастырып келеді. Мұндай революциялық ғылыми парадигманың нәтижесі біздің психологиямыздың, тарихымыз бен мәдениетіміздің, дініміздің, тіпті болашағымыздың көкжиегіне дейін таралып кетуінің сыры әзірге ашыла қоймады [11].

Соңғы бірнеше онжылдықтағы жетістіктердің бірі санаға қатысты әртүрлі мәселелерді талдаумен, оларды жіктеумен ерекшеленді. Дегенмен аталған талпыныстар нәтижесі алуантүрлі түсініктердің пайда болуына алып келді. Сөйте тұра, жеке адам немесе тірі организм санасы туралы сөз қозғау бір бөлек дүние болса, тұтас бір мәдениет санасына қатысты мәселелерді қарастыру өз алдына күрделі құбылыс екені анықталды [12]. Сонымен қатар, сананың даму динамикасына хронологиялық тәсілдің тән екені де ғылыми тұрғыда жан-жақты қарастырылу үстінде. Ғылыми әдебиеттерде сана ұғымына қатысты анықтамалар біржақты мағынада берілмейді. Бұл ұғымның алуантүрлі мағыналары: қолжетімділік сана, феноменалды сана, жай-күй санасы, жарыққа шығару санасы, интроспективті сана, өзіндік сана және т.б. сипатталады.

Мақала дайындауда қазіргі таңда ұлттық сананы зерттеуде пайдаланылатын келесідей әдістер қолданылды:

- салыстырмалы-функционалды әдіс: салыстырылып отырған ұлттық сана типтерінің арасындағы айырмашылықтарды тауып, олардың әлеуметтік бірліктерінің мақсаты мен қолданысы деңгейінде сол айырмашылықтарды анықтауға бағытталған;

- семиотикалық жүйелі-құрылымдық әдіс тек қана саналық феномендердің әмбебап байланыстарын ғана емес, сонымен қатар, сол құбылыстардың бөліктері арасындағы заңды байланыстарды, яғни олардың құрылымдық ұйымдасуы мен семантикасын анықтау

арқылы да сана феномендерін жүйелі түрде сипаттаудан тұрады.

- ұлттық сана эволюциясын зерделеу, осында құндылықтар мен коллизиялардың деңгейі әр түрлі болуы мүмкін: жеке индивидтің жеке «Мендік» мүддесінің бүкіл қоғамнан ажырауынан бастап, бүкіл саналық жүйелердің тайталасымен аяқталады; қандай да бір себептермен мүдделері сақталмай қалған жағдайда этникалық санада девиациялардың туындауы әбден мүмкін.

### ***Зерттеу нәтижелері***

Ұлттық сана – халықтың өткен тәжірибелік жолы, аясы кең еркін ақылы. Ұлттың мәдени мұрасын тереңінен зерделеу, философиялық ұғым ретінде ұлттық сананың мәні мен маңызын дәйектеу мүмкін емес. Мәдени мұра – ұлттың санасын қалыптастыратын интеллектуалды әлеуеті. Қазіргі ахуалда ұлттық сананың теориялық аспектілерін ашуға бағытталған зерттеу жұмыстарының маңыздылығы да осымен айқындалатыны анық. Бұл тарапта ұлттық санамызды отандық және әлемдік бастауларға жалғаған мемлекеттік деңгейде бірқатар тыңғылықты шаруалар атқарылды. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы отандық әлеуметтік ғылымдар саласы мол табыстарға қол жеткізді, 2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарыққа шығып, жаңаша форматта жүзеге асырылу үстінде [13]. «Ұлы даланың жеті қыры» атты ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуындағы жаңа парадигмалық бағытты анықтайтын мақаласы жарыққа шықты [14].

Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Қазақстан Республикасы мемлекет басшысының

Қазақстан халқына Жолдауы» қазіргі кезеңдегі тұрақты дамудың маңызды қырларын айқындаумен маңызды; «Қазақстан – 2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты қазақ халқының тарихи үдерістегі маңызды рухани құндылықтарын айшықтайды. Яғни, «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру арқылы қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, салт-жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», деп атап көрсетті [15]. Мемлекеттік қажеттіліктерден туындаған бастамалар «қоғам дамуындағы «халықтың рухани мұрасы» деген атауға ілінетін жәдігерлер мен құндылықтар негізінен тарихи үдерістер тарапынан күрделі сынақтан өткен, адамның адамгершілік негіздерінің қалыптасуын қамтитын, оның рухани жетілуіне қызмет атқаратын құбылыстар. Олардың өзін рухани әлемнің өзгеруіне байланысты үнемі сыни зерделеуден өткізіп тұру өмір қажеттілігі» [16, 69-83 бб.].

Ұлттық сана көмегімен жеке тұлға қоршаған ортаны, ондағы өзінің орнын, мүмкіндіктерін, сезімі мен әрекеттерін анықтайды. Ұлттық сана ұлттың болашағына нақты бағдар беретін ұстанымдарды қордалайды. Ұлттық тұтастық арқылы ғана ұлттық сана айғақталады. Ұлттық сана өткен тарихты қалпына келтіретін, тарихи жақтың барлығын сақтайтын тамыры терең сана түрі. Ұлттық сана қатып қалған қағидалардан тұрмайды, ол икемділігі мен өміршеңдігі арқылы ерекшеленеді. Ұлттық сананың болмысы ұлттық мәдениетте мазмұндалған. Ұлттық мәдениетте ұлттың мақсаттары мен миссиясы жүзеге асырылады, құндылықтары мен қасиеттері, дүниетанымы өлшенеді. «Халықтың бұқаралық санасындағы оң бағдарлардың қалыптасуы мен дамуы барлық жерлерде маңызды және кешенді үдерістерге серпін беретін құбылыс екеніне көзіміз жетті. Рухани жаңғырудың дүниетанымдық маңызына тоқталатын болсақ, онда тұлғалық және ұжымдық жауапкершілік мәселесін айналып өтуге болмайды. Қазіргі тәуелсіз еліміздегі әрбір азаматымыздың өзіне қойған жоғарғы талабы, кәсіби біліктілігі мен жаңашылдыққа бейімділігі әлеуметтік прогресс пен жасампаздық жолында болуымыздың қайнар көзі екені анық. Сондықтан «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді дана халқымыз. Бірлік пен білімнің арқасында өркениетті қоғамды қалыптастыра беру барлығынан қымбат» [17, 9-17 бб.].

Ұлттық мәдениет – ұлтқа тән әлеуметтік-этикалық құндылықтарды, ұлттың тарихи тәжірибесін жеткізетін қайнар көз. Ұлттық сана – ұлттық ойлардың, көзқарастардың, сезімдердің жиынтығы, ұлттың өзін-өзі анықтауы, ұлттық қауымдастықта өз орнын айқындауы, тұтастықты сипаттайтын әлеуметтік құндылықтармен байланысты. Ұлттық сана – өзіндік ұлттық сәйкестікті өзіндік идея арқылы сезіне алу, ұлттық мүдделерге жауапкершілікті

алумен де анықталады. Ұлттық сана – жеке тұлға мен әлеуметтік топқа қатысты қасиет. Жеке тұлға тарапынан ұлттық құндылықтар, сұраныстар мен даму қажеттіліктеріне саналы көзқарас болғанда, ұлттық сананың маңызды элементтерінің бірі ұлттық мүдде жөнінде айтуға болады. Сонымен, ұлттық сана құрылымының негізгі элементтеріне өзін-өзі саналы түрде қабылдау мен өз мүдделеріне деген саналы көзқарасты жатқызамыз.

Ұлттық сана ұлттық мәдениет құндылықтарын сақтайды, ұлттық мәдениетті және оның мүдделерін қорғауға қызмет етеді. Ұлттық сана ұлттық құндылықтардың сараланып, олардың нақтылы іске асырылуымен қуатты. Бұл ұлттар арасында пысықталған өзара сыйластық пен жауапкершілік мәселелерін қалыптайды, оны ұлттық қатынастар жүйесіне енгізеді. Ұлттық сана – тұтас қоғамның әлеуметтік құрылымдарында орныққан құндылықтар жүйесі, өткен тарихқа жиі бой алдыратын консервативті дүниетаным, әлеуметтік топтардың қоғамдық идеялары, теориялары мен көзқарастар жиынтығы. Дегенмен, соңғы кездерде, әлемдік қауымдастықта ұлттық немесе азаматтық сана мәселесінде жекелеген топтардың емес, ұлттың өзін-өзі экономикалық, әлеуметтік, мәдени болмысын сақтауда және саяси тұрғыдан дамуда тұтас қоғамның идеялық тұтастану прецеденттері жүріп жатқаны белгілі.

Ұлттық сана идеялар, көзқарастар, принциптер, құндылықтар ретінде адамның қоршаған ортамен қатынасының жүйеленген формаларын анықтайды, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын, адами қауымдастықтың рухани билігін, мүдделерін, оған қолайлы қоғамның болашақ моделін жобалайды. Ұлттық сана тұлғаны қалыптайды, ынталандырады және қоғам мен адамның әрекеттерін біріктіре отырып саяси сананы қалыптастырады. Мемлекеттің қоғамдық құрылысы, саяси, мәдени,

экономикалық, құқықтық санасы ұлттық санасының мазмұнына сәйкес дамиды.

Сонымен, ұлттық сана – ұлттың мүддесін қорғайтын иммунитет механизмі. Сондықтан кез келген мемлекет ұлттық сананы қалыптастыру мен оны басқарудың механизмдерін жүйелеуге, құрылымдауға барлық күшін салады. Бұл өз кезегінде: 1) қоғамды консолидациялайтын кез келген мазмұнды идеялардың қажеттігімен; 2) ұлттық сананың формасы саналатын ұлтшылдықпен; 3) ұлттық сананың өзіндік болмысымен, ерекшеліктерімен, арман-тілектерімен анықталады.

Ұлттық сана – ұлттың өзін-өзі тануы және өзін-өзі анықтауы, тарихи тағдыр мен мәдениетке, бір мақсат-мұратқа біртұтастануы. Ұлттық сананың негіздерін: біріншіден, жалпы этникалық мәдениеттен туындайтын жалпы тарихты; екіншіден, ұлттың болашақ мақсаты мен арманын; үшіншіден, болашаққа қойылған мақсат үшін нақты әрекеттердің біртұтастануын мойындау құрайды. Өткен тарих ұлттық сананың құрамдас бөлігі ретінде мойындалған кезде ғана оның өзгелерден айырмашылығы, тағдыры, сакралды сезімдері айқындалады. Бірақ ұлттық санада көрініс тапқан тарихи жады белгілі бір әлеуметтік мифологизациялаусыз жүзеге асырылмайтынын атап өткен маңызды. Мифологизациялаусыз ұлттық сананың идеалды бастамаларын қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан да, қазіргі кезде теориялық негізде ұлттық сананы қалыптастыру принциптерін анықтау күрделі мәселе. Біріншіден, біртұтастықсыз, бір мақсат мүддесіз және тағдырсыз ұлттық сана өміршеңдігін тоқтатады; екіншіден, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды дәріптемейінше ұлттық сананың іргесі қаланбайды; үшіншіден, қазіргі кезде полиэтникалық және поликонфессиясыз ұлттық мемлекет құру мүмкін емес.

Философ А.Х. Қасымжанов өзінің зерттеулерінде қазақ халқының қазіргі

болмысының тарихи негіздерін ұғыну, оның бүгінгі мен болашағын елдік тұрғысынан қабылдауда ғылыми ізденістердің маңыздылығын көрсетеді. Қазақ халқының рухани мұрасының бастаулары мен қазіргі заманғы интеллектуалдық тұрғыдан игерудің өзектілігін, оларды интеллектуалдық әлеуетке айналдырудың жолдарын ашып береді. Рухани мұра тұтастықты құрайтын бірнеше тарихи кезеңдерден тұратынын жіктейді [19, 89 б.]. Сонымен қатар, А.Х. Қасымжанов қазіргі қоғамдық санамыз бен оның тарихқа қатынасындағы жаңаруын «тарихи зерделілік» ұғымымен түсіндіруге тырысады. «Тарихи зерделілік» – әрбір жеке адамға, тұтас ұрпаққа байланысты, әрбір адамның, ұрпақтың тарихты сезінуі, өзінің шыққан тегін, өлкесін, халқын, нәсілін, жалпы адамзаттың тегін, оның рухани түп тамырларын, өткендегі тарихи жолын танып білуге ұмтылып, сана-сезімінің оянуы. Бұл – өскендіктің, рухани мәдениетінің жоғарғы сатыға көтерілу белгісі. Ал оған қарама-қарсы ұғым «мәңгүрттік». Оның теріс мағыналы этникалық мәні бар. Мәңгүрттік жеке индивидті оның жалпы қоғамның рухани, тарихи маңызынан қашықтатуды, тұрмыстық тіршілік, конъюктуралық мақсаттарға абсолюттік мән беруді, өзгермелі күнделікті сәнді бетке ұстап, оны алдыңғы қатарға қоюды аңсайды» [19, 25 б.].

Сондай-ақ, академик Д.К. Кішібековтың пайымдауынша, әрбір жеке адамның туған жеріне және әлеуметтік болмысына, өмір сүру ортасына деген табиғи генетикалық сезімі болатынын дәйектейді. «Бұл сезім ақыл-парасат арқылы туған жер туралы идеяға ұласады. ... Ұлттық идея – сана-сезіммен, тілмен байланысты ұлттық сезімнің сыртқы көрінісі. Ұлттық идея ұлттық сезімнің негізінде өрлейді. Ұлттық сезім адам жанының түкпірінде орналасады. Ұлттық сезім мәңгілік, өзгермейді, жоғалмайды» [20, 16 б.].

Тәуелсіздігіне қол жеткізген көптеген мемлекеттерде ұлттық санамен қатар шектен шыққан ұлттық өзіншілдік те дамиды. Әйткенмен бұл процесс ұлттың қорғанушы элементтерінің бірі ретінде ұлтжандылық ұғымымен жанаса жүруі мәселені сәтті шешумен анықталатыны белгілі. Бұл кез келген халықтың ұлттық сезімдер, ар-ождан қасиеттерінің қозғаушы күшке айналған эмоционалды механизмдерінің көрінісі. Сондықтан да анық ақылды ұлттық санасы үстемдік құрмаған әлеуметтік қауымдастықта ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуы, ұлттық ерекшеліктердің болуы мүмкін емес. Ұлттық қатынастарда қордаланған мәселелердің оңды шешімін табудың маңыздылығы жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің жаңғыруы мен егемендігі үшін жасалатын нақты іс-шаралар кешенін анықтайды. Осы тұрғыда, философ Ж.Ж. Молдабеков қазақ халқының болмысын тану мақсатында кешенді «Қазақтану» бағдарламасын ұсынады. Ғалымның пікірінше, «Қазақтану» бағдарламасының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

– «қазақтану – адамның өз еліне, жұртына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін түйіндеу, туған жердегі тұлғалар мен туыстардың бірлестігін нығайту;

– ұлдың, ұрпақтың, ұлттың жаңарған қадамы мен қарқынын түсіндіру; этностық тәжірибе мен ұлттық рухтың үстемдігін емес, үйлесімін орнату;

– ұрпақты тәрбиелеу үлгісінің нұсқасын, ұрпаққа деген өсиеттің кестесін өрнектеу;

– ұлттық сезім мен мінездің, діл мен тілдің адамдық болмыста қиылысу өнегесін тарату арқылы сауаттылық пен салауаттылықты қажетке жарату;

– ынтымақты елдің дүниетанымы мен әдебінің өрісін кеңейтіп, тарихи талғамды жетілдірудің бағытын анықтау;

– ұлттық мемлекеттің, ағарту мекемелері мен қоғамның өзара ықпалын арттырудың амал-әрекетін, болашақты барлаушының әдісін жетілдіру;

– қоғамды саяси өзгерту жолы емес, адамды әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасқа бейімдеу деңгейі, әдептілік үлгі мен әлеуметтік үйлесімге деген геосаяси ұмтылысты тарату» [21].

Ал философ М.С. Орынбековтың пайымдауынша, егеменді еліміздің қоғамдық санасын қалыптастыру процесінде қазақтың ежелгі мұрасын зерттеу және оларды жаңғырту маңызды. Себебі дәстүрлі қазақ дүниетанымында авхтонды мәдениеттің үлгілері мазмұндалған, дала халқы әрдайым өзінің қауымдық ерекшеліктерін айқындап отыру мүмкіндігіне қауқарлы болған. Сайып келгенде, аталған үлгілер қазіргі ұлттық елдіктің негізін қалаудың басты іргетасы. «Жаңа мемлекеттің қоғамдық-тарихи аренасындағы әлеуметтік философияның басты түсінігі «өзіндік болмыс» ұғымы. Ол енді өз бетінше әрекет етуді, қоғамның сапасын анықтауды бейнелеу үшін қолданылады. Бұл жерде қоғамдық болмыстың әртүрлі қырлары бірігіп, араласып кеткен, мысалы, қоғамдық сананың онтологиялық-гносиологиялық аспектілері, тіршіліктің қайтып келмейтін элементтері мен дамудың ішкі қайнар көздері. Әртүрлі философтар мен мәдениеттанушылар өзіндік болмысты тарихтың қозғаушы принципі, мәдениеттің өмірлік ядросы, ғылымның мәдени ядросы, мәдениеттің жалғасы, қоғам дамуының динамикалық принципі және тағы басқаларының бірі ретінде оның рөлі мен маңыздылығы туралы ой қалыптастыруда» [22, 85 б.].

Ұлттық сананың маңызды және ажырамас құрамдас элементтерінің біріне қоғамның діни санасы жатады. Қазақстан Республикасының діни кеңістігіндегі өзекті проблемалар қатарын қазіргі діни ахуал жайында объективті білімдердің кемдігі, діни сананы зерттеудің отандық зерттеушілер тарапынан кенжелеп отыруы, мемлекет пен конфессиялар арасындағы қатынастарды оңтайландырудың нақты механизмдерін жетілдіру құрайды. Де-

генмен, еліміз қоғамдағы діни ахуалды, конфессияаралық негіздерді ескере отырып өзінің зайырлы мемлекет моделін қалыптастыру үстінде, осы бағытта ішкі және сыртқы саясатын жүргізіп келеді [23]. Қоғамның діни санасын оның әр конфессиялық топтарының құрылымдық ерекшеліктерін ескерсек, консервативті құбылыс болып табылады. Жалпы адамзат тарихындағы қоғамдық сананың дамуында діни элементтердің бәсеңдеп келе жатқаны да байқалады. Әр тарихи даму кезеңде үстемдікке ие болған діни жаңғыру процестері стратегиялық сипатынан айрылғаны анық. Мұндай кезең әсіресе қазіргі тарихи процесте орын алып отыр.

Діни сананы зерттеудің қазіргі тәсілдері діни сарындармен қатар дәстүрлі сакралды құндылықтар, зайырлы құндылықтармен тығыз қарым-қатынаста зерттеудің маңыздылығын көрсетіп берді. Сонымен қатар қазіргі әлемдік инновациялық қауымдастықта діни құндылықтар өте жылдам уақытта десакрализация науқанына түсіп кететіні анықталды. Әйткенмен, қоғамдық қатынастарда діни қызметтің артуымен зайырлы бағдарланған қоғам мүшелері тарапынан діни құндылықтарды сакралды сипатынан айырылған жалпы-адамзаттық, жалпымәдени құндылықтар сипатында пайдалану тенденциясы орын алды. Бұл процестер қазіргі діни сананың жаңаша форматқа түскенін аңғартады.

Жеке адамның діни бағдарлану типологиясының құрылымын: оның санасы, яғни жеке адамның идентификациясын, діни түсініктері мен құзыреттіліктерін, эмоциялары мен дәстүрлі-ұлттық сезімдерін; жүріс-тұрыстары, яғни жеке адамның конфессияның нормаларын, салт-жоралғыларын сақтау құрайды. Елімізде діни сананың идентификациясы мен діни институттардың ықпалына түскен қоғам мүшелері сақталып отырғаны анық. Дегенмен, дінтанушы маман-



дар мұндай процестердің орын алуын еліміздегі ислам дінінің тарихи-мәдени ерекшеліктерімен, оның қазақ қоғамының арасында жылдам таралуымен түсіндіреді. Исламды қазіргі қоғамдық трансформацияда әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде зерттеу қажеттігі ұсынылады.

### **Ұлттық сана мен ұлттық бірегейліктің өзекті мәселелері**

Ұлттық сананы зерттеудің теориялық негізінің құрамдас бөлігіне ұлттық бірегейлік мәселесі жатады. Бірегейлік жеке адамның саналы түрде өзін-өзі анықтауы. Жеке адамның бірегейлігі әлеуметтік мұқтаждықтардан, оның қауым мүшелігіне енуімен, жеке басының қауіпсіздігінен, өзін-өзі бағалауынан келіп шығады. Басқалай айтқанда, бірегейлік тепе-тең дәрежеде әртүрлі мәнмәтіндегі әлеуметтік топ пен жеке адамның жүріс-тұрыстарының, эмоцияларының, мүдделерінің, қалауларының, әлеуметтік мұқтаждықтарының жиынтығы. Идентификация – жеке адам мен әлеуметтік топ арасындағы эмоционалды және когнитивті тепе-теңдікке қол жеткізу болып табылады. Бұл жеке адам мен әлеуметтік топтың арасында орын алатын әлеуметтік рөлдер мен әлеуметтік мәртебелер арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, идентификация жеке тұлғаның қалыптасуы, дамуы мен қызмет етуінің процесі ретінде де қарастырылады. Жеке адам өзін белгілі топтың құндылықтары мен нормалар жүйесіне жатқызған кезде бірегейлік механизмдері жүзеге асады.

Интеграциялық процестердің дамуында ұлттық мемлекет құрушы елдер, әсіресе посткеңестік мемлекеттер этномәдени алуантүрлілікке кезікті. Мәселе тарихи тәжірибе мен геосаяси нақтылықты ескеруге мәжбүрлі етті. Басқаша айтқанда посткеңестік мемлекеттерде азаматтардың жаңа

идентификациясы мәселесін ғылым тұрғысынан қарастыру проблемасы туындады. Кеңестік шаблондар мен сананың күйреуі жекелеген мемлекеттерде ұлттық мәселелерді талқылауға алып келді. Кеңестік гуманитарлық мәдениет қоғамның әлеуметтік-мәдени сұраныстарына толық жауап бермеді. Тіпті, ғалымдардың пікірінше, кеңестік кезеңде КСРО халқы ұлттанбаған және империя тұрғындары өздерін «кеңестік» азаматтар қатарына жатқызған.

Ұлт пен ұлттық бірегейлік бір-бірімен тығыз байланысты және үнемі бірін-бірі толықтырады. Ұлт адамзат қауымдастығы сияқты ұлттық бірегейлікке топтасқан индивидтерден тұрады. Сонымен қатар ұлттық бірегейлік ұлттың өзіндік санасы. Саяси және мәдени қауымдастық болған жерде ғана ұлтшылдық қалыптасады [24]. Ұлттық бірегейлік саяси биліктің заңдылығын бекітетін маңызды тәсіл. Ұлттық бірегейлік ұлттық элитаның қызметін легитимді етеді және ұлттық мемлекеттің алғышарттарын қалыптастырады.

М.М. Раевскаяның пікірінше, кез келген халықтың ұлттық санасының қалыптасуы ұлттық бірегейліктің басты негізі және оның тұрмыс-тіршілігінің тарихымен байланысты тілдік рәміздерді зерделеуден басталады. Кез келген этностың қалыптасуының алғышарты тіл болып табылады, өйткені әрбір географиялық аймақта орналасқан этностарды ең алдымен тілдік ерекшеліктер мен белгілері бөлектеп тұрған [25, 67-76 бб.]. Этникалық бірегейлік – жеке адамның этникалық қауымдастықтың мүшесі болуымен қатар оның мәдениет формаларында көрініс тапқан сана-сезімдерімен ортақтасуын да құрайды. Этностың ары мен намысы, реніші мен қорқынышы этникааралық салыстырудың маңызды өлшемдері болып табылады. Мұның барлығы этникалық қауымдастықтың эмоционалды байланыстары мен моральдық міндеттерін анықтап, индивидтің әлеуметтенуіне

ықпал етеді. Сонымен қатар, ғалымның пайымдауынша, гуманистік идеология өркендеген кезеңде ол қоғамның санасына екі жақты ықпал етеді: біріншіден, жаңа дәуірде классикалық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етеді, екіншіден ұлттық тілдік сана осы кезеңде оянады.

Индивид бойында көрініс табатын ұлттық сананың бастауы мен себептеріне айналған ұлттық тілдің пайда болуы, Жаңа дәуірде кітап басу өнерінің пайда болуымен де тығыз байланысты. Бір жарым ғасырға созылған процесте латын тілі өзінің сакралды қызметін кітап баспасымен тығыз байланысты Реформация қозғалысының ықпалы салдарынан тоқтатты. Сондай-ақ, тарихта кез келген халықтың ұлттық баспа тілі болғаны анық, сондықтан тәуелсіздікке қол созған және тәуелсіздігін тұғырлы еткісі келетін кез келген халық өзінің тілін осы мақсатқа бағыттайды. Мәселен, қазіргі Қытай территориясында біртұтас қытай ұлтының консолидациясы мен қалыптасу жолында иероглифтік жазу басты элементке айналғанын атап өтуге болады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, мақала авторы талдау негізінде келесі тұжырымдарға қол жеткізді:

Біріншіден, ұлттық сана – халықтың өткен тәжірибелік жолы, ұлттың мәдени мұрасын философиялық тұрғыдан зерделемейінше ұлт санасының мәні мен маңызын дәйектеу мүмкін еместігі анықталды;

Екіншіден, мәдени мұра – ұлттың санасын қалыптастыратын интеллектуалды әлеуеті, ұлттық мәдениет – ұлтқа тән әлеуметтік-этикалық құндылықтарды, ұлттың тарихи тәжірибесін жеткізетін қайнар көзі болып табылатыны дәйектелді;

Үшіншіден, ұлттық сананың құрамдас бөлігі болып табылатын діни сана-

ны зерттеудің қазргі тәсілдері діни сарындармен қатар дәстүрлі сакралды құндылықтарды зайырлы құндылықтармен тығыз қарым-қатынаста зерттеудің маңыздылығы көрсетілді;

Төртіншіден, ұлттық сананың теориялық аспектілерінің құрамдас бөлігі ұлттық бірегейлік мәселесі әлеуметтік топ пен жеке адамның жүріс-тұрыстарының, әлеуметтік дағдыларының, ұлттық мүдделері мен қалауларының, әлеуметтік мұқтажықтары мен армандарының өзара қордаланған элементтерінен тұратыны тұжырымдалды;

Бесіншіден, кез келген халықтың ұлттық санасының қалыптасуы ұлттық бірегейліктің басты негізі және оның тұрмыс-тіршілігінің тарихымен байланысты тілдік рәміздерді зерделеуден басталатыны айқындалды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Философский словарь / Под ред. И.Т. Фролова. – 7-е изд., М.: Республика, 2001. – С. 521.

2 Gulick R.V. Consciousness // Stanford Encyclopedia of Philosophy. – Metaphysics Research Lab, Stanford University, 2004.

3 Schneider S., Velmans M. The Blackwell Companion to Consciousness. – Wiley, 2008.

4 Searle J. Consciousness // The Oxford companion to philosophy. – Oxford University Press, 2005.

5 Фрейд З. Введение в психоанализ: Лекции. – М.: Наука, 1989. – 456 с.

6 Яковлев А.И. Полинаучная парадигма сознания // Социально-гуманитарные знания. – 2013. – № 5. – С. 267-281.

7 Иванов Д.В. Проблема сознания и философия Витгенштейна // Вестник московского университета. Серия философия. – 2007. – №2. – С. 6-19.

8 Hacker P.M.S. The Sad and Sorry History of Consciousness: being, among other things, a challenge to the «consciousness – studies community». Royal Institute of Philosophy, 2012.

9 Булекбаев С.Б. Феномен сознания в контексте современных представлений // Будущее человека: проблемы, гипотезы, идеи. Мат. межд. науч. конф., посвященной Всемирному дню философии и 60-летию профессора С.Ю. Колчигина / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. Сборник статей. – Алматы: Институт философии, политологии и религи-

оведения КН МОН РК, 2015. – С. 50-61.

10 Mariner A. The Origin of Consciousness in the Breakdown of the Bicameral Mind. Book houghton mifflin company. Boston-New York, 2011. – 479 p.

11 Jaynes J. The Origin of Consciousness in the Breakdown of the Bicameral Mind. Houghton Mifflin, 2000.

12 Carruthers P. Higher-Order Theories of Consciousness // Stanford Encyclopedia of Philosophy, 2014.

13 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <https://www.akorda.kz> (дата обращения: 10.01.2021).

14 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.akorda.kz> (дата обращения: 13.01.2021).

15 Тоқаев Қ. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Қазақстан Республикасы мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы, 2020. [Электронный ресурс] URL <http://www.akorda.kz.01.09>. (дата обращения: 15.01.2021)

16 Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е. Халықтың рухани мұрасы: дәстүрлі құндылықтық бағдарларды сыни зерделеу // Будущее человека: проблемы, гипотезы, идеи. Мат. межд. науч. конф., посвященной Всемирному дню философии и 60-летию профессора С.Ю. Колчигина / Под общ. ред. З.К. Шаукуеновой. Сборник статей. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – Б. 69-83.

17 Нұрмұратов С.Е. Жаңа оқулықтардың қоғамның рухани жаңғыруына ықпалы // «100 жаңа оқулықтар» жобасының жүзеге асуы және оның қазақстандық бірегейлік пен ұлттық өзіндік сананың қалыптасуына ықпалы» атты дөңгелек үстел – сарапшылар кездесуінің материалдар жинағы. – Сборник материалов экспертной встречи – круглого стола на тему: «Реализация проекта «100 новых учебников» и его влияние на формирование казахстанской идентичности и национального самосознания». – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – Б. 9-17.

18 Касымжанов А.Х., Касымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа. – Алма-Ата, 1991. – 89 с.

19 Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ Университеті, 2001. – 301с.

20 Кшибеков Д. Национальная идея и идеология. – Алматы, 2006. – 178 с.

21 Молдабаев Ж.Ж. Қазақтану. – Алматы,

2003. – 447 б.

22 Орынбеков М.С. Предфилософия про-токазахов. – Алматы: Өлке, 1994. – 207 с.

23 Бутова Е., Косиченко А. Актуальные проблемы развития религиозной ситуации в Республике Казахстан / Под общ. ред. З.К. Шаукуеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 137 с.

24 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный сим-волизм и национальная идентичность Ка-захстана / Под общ. ред. З.К. Шаукуеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168с.

25 Раевская М.М. Базовые символы на-ционального самоопределения в испанском языке (исторический ракурс) // Вестник Мо-сковского университета. Серия лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2012. – № 3. – С. 67-76.

### Transliteration

1 Filososfiskij slovar' [Philosophical Dictionary] / Pod red. I.T. Frolova. – 7-e izd., M.: Respublika, 2001. – S. 521.

2 Gulicid R.V. Consciousness // Stanford Encyclopedia of Philosophy. – Metaphysics Research Lab, Stanford University, 2004.

3 Schneider S, Velmans M. The Blackwell Companion to Consciousness. – Wiley, 2008.

4 Searle J. Consciousness // The Oxford companion to philosophy. – Oxford University Press, 2005.

5 Frejd Z. Vvedenie v psihoanaliz: Lekcii [Introduction to psychoanalysis: Lectures]. – M.: Nauka, 1989. – 456 s.

6 Yakovlev A.I. Polinauchnaya paradigma soznaniya [Polyscientific paradigm of consciousness] // Social'no-gumanitarnye znaniya. – 2013. – № 5. – S. 267-281.

7 Ivanov D.V. Problema soznaniya i filosofiya Vitgenshtejna [The problem of consciousness and Wittgenstein's philosophy] // Vestnik moskovskogo universiteta. Seriya filosofiya. – 2007. – №2. – S. 6-19.

8 Hacker P.M.S. The Sad and Sorry History of Consciousness: being, among other things, a challenge to the «consciousness – studies community». Royal Institute of Philosophy, 2012.

9 Bulekbaev S.B. Fenomen soznaniya v kontekste sovremennykh predstavlenij [The phenomenon of consciousness in the context of modern ideas] // Budushchee cheloveka: problemy, gipotezy, idei. Mat. mezhd. nach. konf., posvyashchennoj Vsemirmomu dnyu filosofii i 60-letiyu professora S.YU. Kolchigina / Pod obshch. red. Z.K. Shaukenovoj. Sbornik statej. – Almaty: Institut filosofii, politologii i

religiovedeniya KN MON RK, 2015. – S. 50-61.

10 Mariner A. The Origin of Consciousness in the Breakdown of the Bicameral Mind. Book houghton mifflin company. Boston-New York, 2011. – 479 s.

11 Jaynes J. The Origin of Consciousness in the Breakdown of the Bicameral Mind. Houghton Mifflin, 2000.

12 Carruthers P. Higher-Order Theories of Consciousness // Stanford Encyclopedia of Philosophy, 2014.

13 Nazarbaev N.A. Bolashaqqa baǵdar: ruhani zhanǵyru [Orientation to the future: spiritual revival]// [Elektronnyj resurs]. – 2017. – URL: <https://www.akorda.kz> (data obrashcheniya: 10.01.2021).

14 Nazarbaev N.A. Uly dalanyj zheti qyry [Seven sides of the great steppe]// [Elektronnyj resurs]. – 2018. – URL: <https://www.akorda.kz> (data obrashcheniya: 13.01.2021).

15 Toqaeв Q. ZHаңа zhaǵdajdaǵy Qazaqstan: is-qimyl kezеrji. Qazaqstan Respublikasy memleket basshysynыj Qazaqstan halqyna ZHolday [Kazakhstan in the new situation: the stage of action. Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan], 2020. [Elektronnyj resurs] URL <http://www.akorda.kz.01.09>. (data obrashcheniya: 15.01.2021)

16 Nysanbaev A.N., Nurmuratov S.E. Halyqtyj ruhani murasy: dastyrlі qundylyqtyq baǵdarlardy syni zerdeleu [Spiritual heritage of the people: a critical study of traditional values]// Budushchee cheloveka: problemy, gipotezy, idei. Mat. mezhd. nauch. konf., posvyashchennoj Vsemirnomu dnyu filosofii i 60-letiyu professora S.YU. Kolchigina / Pod obshch. red. Z.K. SHaukenovoj. Sbornik statej. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2015. – B. 69-83.

17 Nurmuratov S.E. ZHаңа оqulyqtardыj qоǵamnyj ruhani zhanǵyruyna yqpaly [The impact of new textbooks on the spiritual renewal of society]// «100 zhaңа оqulyqtar» zhobasynыj zhyzge asuy zhәne оnyj qazaqstandyq bire-

gejlik pen ulttyq әzindik sananyj qalyptasuyna yqpaly» atty dеngelek ystel – sarapshylar kezdesuinij materialdar zhinaǵy. – Sbornik materialov ekspertnoj vstrechi – kruglogo stola na temu: «Realizaciya proekta «100 novyh učebnikov» i ego vliyanie na formirovanie kazahstanskoj identichnosti i nacional'nogo samosoznaniya». – Almaty: QR BGM GK Filosofiya, sayasattanu zhәne dintanu instituty, 2018. – B. 9-17.

18 Kasymzhanov A.H., Kasymzhanova S.A. Duhovnoe nasledie kazahskogo naroda [Spiritual heritage of the Kazakh people]. – Alma-Ata, 1991. – 89 s.

19 Kasymzhanov A.H. Prostranstvo i vremya velikih tradicij [Space and time of great traditions]. – Almaty: Qazaq Universiteti, 2001. – 301 s.

20 Kshibekov D. Nacional'naya ideya i ideologiya [National idea and ideology]. – Almaty, 2006. – 178 s.

21 Moldabekov ZH.ZH. Qazaqtanu [Kazakh studies]. – Almaty, 2003. – 447 b.

22 Orynbekov M.S. Predfilosofiya protokazahov [Pre-philosophy of proto-Kazakhs]. – Almaty: Olke, 1994. – 207 s.

23 Burova E., Kosichenko A. Aktual'nye problemy razvitiya religioznoj situacii v Respublike Kazakhstan [Actual problems of the development of the religious situation in the Republic of Kazakhstan] / Pod obshch. red. Z.K. SHaukenovoj. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2013. – 137 s.

24 Kadyrzhanov R.K. Etnokul'turnyj simbolizm i nacional'naya identichnost' Kazahstana [Ethnocultural Symbolism and National Identity of Kazakhstan] / Pod obshch. red. Z.K. SHaukenovoj. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2014. – 168 s.

25 Raevskaya M.M. Bazovye simvolы nacional'nogo samoopredeleniya v ispanskom yazyke (istoricheskij rakurs) [Basic symbols of national self-determination in Spanish (historical perspective)] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya lingvistika i mezhkul'turnaya kommunikaciya. – 2012. – № 3. – S. 67-76.

#### АВТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

*Гулзер Оразбайқызы Даулетова* PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*Гулзер Оразбаевна Даулетова* PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*Gulzer Dauletova* PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan